

Қызылорда қаласы бойынша коммуналдық қалдықтарының түзілу және жинақталу нормаларын және тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтерін бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда қалалық мәслихатының 2020 жылғы 4 ақпандағы № 297-55/5 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 5 ақпанда № 7236 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 2023 жылғы 12 мамырдағы № 36-3/21 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда қалалық мәслихатының 12.05.2023 № 36-3/21 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы Кодексінің 19-1-бабының 1) және 2) тармақшаларына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес Қызылорда қалалық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Қызылорда қаласы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Қызылорда қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге, қайта өңдеуге және көмуге арналған тарифтері осы шешімнің 2 және 3-қосымшаларына сәйкес бекітілсін.

3. "Қызылорда қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға және әкетуге арналған тарифтерді әкету туралы" Қызылорда қалалық мәслихатының 2017 жылғы 22 мамырдағы № 85-13/3 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді тіркеу Тізілімінде №5852 болып тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде 2017 жылғы 6 маусымда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қызылорда қалалық мәслихатының
кезектен тыс XXXXXV сессиясының
төрағасы, Қызылорда қалалық
мәслихатының хатшысы*

Р. БУХАНОВА

Қызылорда қалалық мәслихатының

Қызылорда қаласы бойынша коммуналдық қалдықтарының түзілу және жинақталу нормалары

| № | Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер | Есептік бірлік | 1 есептік бірлікке жылдық нормасы, м3 |
|----|---|---------------------|---------------------------------------|
| 1 | Жайлы және жайлы емес үйлер | 1 тұрғын | 1,3 1,8 |
| 2 | Жатақханалар, интернаттар, балалар үйлері, қарттар үйлері және сол сияқтылар | 1 орын | 1,23 |
| 3 | Қонақ үйлер, санаторийлер, демалыс үйлері | 1 орын | 0,75 |
| 4 | Балабақшалар, бөбекжайлар | 1 орын | 0,70 |
| 5 | Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақ банктері, байланыс бөлімшелері | 1 қызметкер | 0,43 |
| 6 | Емханалар | 1 келіп кету | 0,23 |
| 7 | Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері | 1 төсек-орын | 1,41 |
| 8 | Мектептер және өзге де оқу орындары | 1 оқушы | 0,54 |
| 9 | Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері | 1 отыратын орын | 2,04 |
| 10 | Театрлар, кинотеатрлар, концерт залдары, түнгі клубтар, ойынханалар, ойын автоматтарының залы | 1 отыратын орын | 0,26 |
| 11 | Мұражайлар, көрмелер | Жалпы алаңы 1м2 | 0,046 |
| 12 | Стадиондар, спорт алаңдары | Жоба бойынша 1 орын | 0,036 |
| 13 | Спорт, би және ойын залдары | Жалпы алаңы 1м2 | 0,037 |
| 14 | Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер | Сауда алаңы 1м2 | 0,54 |
| 15 | Машиналардан сату | Сауда орнының 1м2 | 0,2 |
| 16 | Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер | Сауда алаңы 1м2 | 0,15 |

| | | | |
|----|--|-----------------|-------|
| 17 | Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары | Жалпы алаңы 1м2 | 0,24 |
| 18 | Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары | Жалпы алаңы 1м2 | 0,26 |
| 19 | Тұрмыстық қызмет көрсету үйі: халыққа қызмет көрсету | Жалпы алаңы 1м2 | 0,75 |
| 20 | Вокзалдар, автовокзалдар, әуежайлар | Жалпы алаңы 1м2 | 0,38 |
| 21 | Жағажайлар | Жалпы алаңы 1м2 | 0,22 |
| 22 | Дәріханалар | Сауда алаңы 1м2 | 1,06 |
| 23 | Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, жанармай құю бекеттері, гараждар | 1 машина орын | 2,25 |
| 24 | Автомобиль шеберханалары | 1 жұмысшы | 2,15 |
| 25 | Гараж кооперативтері | 1 гаражға | 0,46 |
| 26 | Шаштараз, косметикалық салондар | 1 жұмыс орны | 1,28 |
| 27 | Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі | Жалпы алаңы 1м2 | 0,74 |
| 28 | Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары | Жалпы алаңы 1м2 | 0,38 |
| 29 | Жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және сол сияқтылар) | 1 жұмыс орны | 0,50 |
| 30 | Моншалар, сауналар | Жалпы алаңы 1м2 | 0,57 |
| 31 | Қала аумағында жаппай іс-шаралар ұйымдастыратын заңды ұйымдар | 1000 қатысушы | 0,063 |
| 32 | Бау-бақша кооперативтері | 1 учаске | 1,41 |

Қысқартылған сөздердің түсіндірмесі:

м2 – шаршы метр, м3 – текше метр.

Қызылорда қалалық мәслихатының
2020 жылғы 4 ақпаны
№ 297-55/5 шешіміне 2-қосымша

Қызылорда қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және қайта өңдеуге арналған тарифтері

| № | Атауы | Есептік бірлік | Баға, теңгемен (ҚҚС қосқанда) |
|---|--------------------------------------|----------------|-------------------------------|
| 1 | Заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер | 1 м3 | 2145 |
| 2 | Жайлы үйлер | 1адам/айына | 232 |

Қысқартылған сөздердің түсіндірмесі:

м3 – текше метр, ҚҚС - қосылған құн салығы.

Қызылорда қалалық мәслихатының
2020 жылғы 4 ақпаны
№ 297-55/5 шешіміне 3-қосымша

Қызылорда қаласы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды көмуге арналған тарифі

| № | Атауы | Есептік бірлік | Баға, теңгемен (ҚҚС қосқанда) |
|---|--|----------------|-------------------------------|
| 1 | Жеке, заңды тұлғалар және жеке кәсіпкерлер | 1 м3 | 600 |
| | | 1 тонна | 3000 |

Қысқартылған сөздердің түсіндірмесі:

м3 – текше метр, ҚҚС - қосылған құн салығы.